

ӘОК 372.853

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМУНЫНА СӘЙКЕС 7-ШІ СЫНЫП  
ОҚУШЫЛАРЫНЫң ФАКУЛЬТАТИВТІК САБАҚТАРҒА ДЕГЕН  
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРИНІң БІРІ – ҮЙ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
ОРЫНДАЛАТЫН ЭКСПЕРИМЕНТ**

**Нұрлыбекова Райхан Байтилеуовна**

*nraikhan@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Сағындықова Г. Е.

Қазіргі таңдағы физика ғылымының жетістіктері өндірісті және түрмисты механикаландыруда, энергетикада, автоматтандырулуга және жаңа материалдарды жасауда пайдалануда. Өндірістің және түрмистың техникалық жағынан қарулануы – кешенді механикаландыру мен автоматтандыру, есептеу техникасының енүі әр адамның физика ғылымының негізін біліп, оны политехникалық сипатта қолдану дағдысы мен біліктілігін қалыптастыруды талап етеді. Соңдықтан қазір қоғамда әлеуметтік жағынан бейімделу үшін адам баласына тек білім ғана емес, алған білімін күнделікті өмірінде, практикада шығармашылықпен қолдана білу де қажет. Сол себепті, мектеп оқушыларына «Физика» пәнін оқытуда алған теориялық білімдерін бекіту мақсатында, зерттеушілік қабілетін дамытып, физиканың заңдылықтарын зерттеуге арналған әдістерді пайдалану қажет. Әр оқушыға табиғаттың біздің ажырамас бөлігіміз екеніне тәжірибелер арқылы көз жеткізіп, оқушыларды өз бетінше физикалық заңдарды зерттеуге дағдыландыру бүтінгі таңдағыны оқытуда өзекті мәселелердің бірі болып тұр.

Адам мен табиғат – біртұтас дүние. Адам дүниеге келген мезеттен бастап – ақ табиғатты зерттеумен айналысады. 1-5 жас аралығында балалар сезім мүшелері арқылы табиғаттағы жұмсақ, қатты, сұйық, тәтті, ащы сияқты ерекшеліктермен танысып үлгереді.

Мектеп жасына келген бала, енді сол табиғаттың ерекшеліктерін ғылыми заңдылықтар арқылы зерттеуді бастайды. Әр оқушының ең алғашқы табиғат заңдылығымен танысатын пәні «Дүниетану» болып табылады, 1-4-сынып аралығында мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес бұл пәнді оқу арқылы, табиғаттың заңдарымен танысады, бұл аралықта тек, көрнекілік арқылы ғана заңдылықтар түсіндіріледі. Ал, 5 – сыныпта «Жаратылыстану» пәнінде тәжірибелік жұмыстар жасату арқылы қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіреді. 7-11 – сынып аралығында «Физика» және Жаратылыстану пәндері арқылы нақты зерттеуге көшеді<sup>1</sup>. Жас өспірім балаларға табиғат құбылыстарын түсінуге нақты нұсқауыш болатын пән – физика пәні деп түсінемін. Сондықтан табиғаттағы физикалық заңдарды зерттеу үшін біз «Физика» ғылымын зерттеудің барлық жағдайларын қарастырғанымыз жөн.

Физика - эксперименттік ғылым. Сондықтан, физикадан өткізілетін оқу эксперименті оқушылардың физика бойынша алатын білімдерінің көзі және физикалық құбылыстарды зерттеудің әдісі, физика сабактарындағы басты көрнекілік болып табылады. Сонымен қатар физикалық оқу эксперименті оқушыларды ұқыптылыққа, төзімділікке, қыншылықты жеңе білуге, ізденушілікке, бақылай білу ебдейлігін дамытуға, политехникалық дағдыларын қалыптастыруға құшті әсер ететіндей тәрбиелік маңызы да зор.

Мен физика пәнінің мұғалімі ретінде, алдында тұрған мәселені шешу жолдарын қарастырып, оқушыларымның зерттеушілік дағдыларын дамыту мақсатында сыныпта әрбір өтілген жаңа тақырыпқа бекіту тапсырмасы ретінде, сол қарастырған тақырып төңірегінде үйде жасалатын физикалық тәжірибелерді жинақтап, оқушыларыма күнделікті стандартпен белгіленген есептердің орнына, тәжірибелік есептер, практикалық тапсырмалар берумен бастадым. Мұндай жұмыстар оқушылардың алған жаңа білімін қалыптастыруға, жаңа тақырып бойынша көп іздену арқылы өз білімдерін жетілдіруге, тақырыпты терең менгеруге, физика пәніне деген қызығушылықтарын арттыруға көп көмегін тигізетіндігіне көзім жетті.

Төменде 7 – сыныптар үшін «Қысым» тарауы бойынша орындалған тәжірибелік тапсырмалардан мысалдар келтірілген.

#### «Атмосфералық қысым» тақырыбы

Тапсырма №2. Баклажка мен инені, кружка мен қағазды, қақпақ пен ыдысты алып атмосфералық қысымның бар екенін дәлелдейтін тәжірибелер жасаңыз және түсіндіріңіз<sup>3</sup>. (Ескерту: тәжіриbenі орындау барысында ата-ананың назарында, қауіпсіздік ережесін сақтап жасау міндетті.)

Жұмыстың тақырыбы: Атмосфералық қысымның бар екенін дәлелдеу.

Жұмыстың мақсаты: Атмосфералық қысымның бар екенін дәлелдеу.

Құрал – жабдықтар: 0,5 литрлік баклажка және ине, кружка, 1 бет қағаз.

Жұмыстың орындалу реті:

1. 0,5 литрлік баклажканы алып, оған инемен бір-бірінен бірдей арақашықтықта тесіктер жасаймыз.

2. Баклажкаға су құямыз. Тәжіриbenің нәтижесін бақылап, атмосфералық қысымның бар екенін зерттеймін. (сурет – 1)

3. Тәжіриbenі жасау барысында атмосфералық қысымның бар екенін тексеру үшін баклажканың қақпағын пайдаландым, баклажканың қақпағын жапсақ су ақпайды, ал, қақпағын ашсақ, тесіктері бар баклажкадан су ақканын байқадым, бұл нені білдіреді? Яғни, баклажканың қақпағы жабық кезінде, атмосфералық қысымы баклажканың ішіндегі сұйыққа әсет етпейді сондықтан, су ақпайды, ал, қақпағын ашсақ атмосфералық қысымы баклажканың ішіндегі сұйыққа әсер етіп, ол қысым сұйықтың барлық бетіне Паскаль заңы бойынша бірдей беріліп, баклажкадан сұйық бірдей мөлшерде ағып шығады.


Атмосфералық қысымды баклажканы пайдаланып анықтау



1-сурет – Атмосфералық қысымды баклажканы пайдаланып анықтау

4. Екінші тәжірибеге келсек кружкаға су құйып, бетіне 1 бет қағазды жауып, кружканы төмен қарай төңкөріп қоямыз, сонда кружкадағы судың төгілмегенін байқаймыз, бұл жерде сүйиқтың гидростатикалық қысымына қарсы бағытта атмосфералық қысым болғандықтан сүйиқ төгілмей тұрғандығын байқадым (2-сурет).

Атмосфералық қысымды кружканы пайдаланып анықтау



2-сурет – Атмосфералық қысымды кружканы пайдаланып анықтау

4. Қорытынды: Бірінші және екінші тәжірибе нәтижесінде атмосфералық қысымның бар екенін анықтадым.

«Архимед күші. Ауада ұшу»

Тапсырма №2. Қоқыс салатын қанышық, балауыз, сіріңкені алып ауада ұшатын «Ауа шарын» жасап, шардың көтеру күшінің қандай күштерге тәуелді екенін зерттеңіз<sup>2</sup>. (Ескерту: тәжірибелі орындау барысында ата-ананың назарында, қауіпсіздік ережесін сақтап жасау міндепті.)

Жұмыстың тақырыбы: Ауада ұшатын шар

Жұмыстың мақсаты: Ауада ұшатын шар жасап, шарды көтеретін күштің қандай күштерге тәуелді екенін зерттеу.

Құрал – жабдықтар: Қоқыс салатын қанышық, балауыз, сіріңке

Жұмыстың орындалу реті:

1. Балауызды алып, оның жанбайтын ыдысқа орналастырамыз, біз бақлажканың қақпағына орналтырық, жіңізке таяқшаларға оны жабыстырып;

2. Осы дайын құрылғыны қоқыс қапшығына су ішетін тұтікшелер арқылы қоқыс салатын қапшыққа бекіттік;

3. Бізде бұл тәжірибе 7-ші рет жасаған кезде шықты. (3-сурет)

Ауада ұшатын шар



3 - сурет – Ауада ұшатын шар

4. Тәжірибелі жасау барысында мен шарды көтеруші күш ауа тарыпан шарға түскен архимед күші мен шардың қабығымен қоса есептегендегі ауырлық күшіне және балауыз жанганда пайда болатын CO<sub>2</sub> көмірқышқыл газының ауырлық күшіне байланысты екенін анықтадым. Біз үшін тәжірибелі жасау көп жауапкершілік пен нақты өлшеудің қажет екендігін және төзімділікке, киыншылықты жеңе білуге, ізденушілікке үйрететінін түсіндік.

**5. Қорытынды:** Ауа шарын ұшыру үшін көтеру күші архимед және шардың қабығымен қоса алғандағы ауырлық күші мен CO<sub>2</sub> көмірқышқыл газының ауырлық күшінің теңерекетті күшіне тең екенін зерттедік.

Зерттеуімнің нәтижесіне келсем «Қысым» тарауы бойынша мемлекеттік оқу бағдарламасына сәйкес 23 сағат бөлінсе, оның ішінде 10 жаңа тақырып болса, 9 сағат практикалық жұмысқа, 2 сағат зертханалық жұмысқа, 2 сағат қорытынды бақылауға берілген<sup>1</sup>. Мен зерттеуімді 7 – сынып оқушаларына жүргіздім, менің мектебімде 3 параллель 7 – сыныпта, барлығы 66 оқушы оқиды. 66 оқушы осы 10 сағатқа жоспарланған үй жағдайында орындалатын тәжірибелерді дұрыс орындаі алуы нәтижесі төменгі кестеде көрсетілген (1-кесте)

1 - кесте

№	Тақырыптар атауы	Жасалынған тәжірибелерге қажетті құралдар	Орындаған оқушылар саны
1	Газдардың сұйықтар және қатты денелердің молекулалық құрылымы	Резенде шар, кружка, су, қасық.	63
2	Қатты денелердегі қысым	Қияр, қызанақ, жуап және жіңішке жіпптер.	66
3	Сұйықтар мен газдардағы қысым. Паскаль заңы	Баклажка, су, ине.	66
4	Гидростатикалық қысым	Баклажка, су, ине.	66
5	Қатынас ыдыстар	Сорғы (шприц), су, тутікше, (система тұтікшелері).	42
6	Гидравликалық машиналар	Сорғы (шприц), тутікше, (система тұтікшелері), картон қағаз, жүк.	13
7	Атмосфералық қысым.	Баклажка, ине, кружка, су, 1 парақ қағаз.	66
8	Манометрлер. Сорғылар	Велосипедтің сорғысы, велосипед немесе доп.	57
9	Кері итеруші күш. Архимед заңы. Ауада ұшу	Өз деңеңізді, ваннаны, өлшеуіш цилиндрді, су.	55
		Қоқыс салатын қаншық, балауыз, сіріңке.	5
10	Дененің сұйықта жүзу шарттары	Жұмыртқа, сұйық зат, тұз.	66

Нәтижелерге назар аударсақ, кейбір тәжірибелерді жасап түсіндіруде қиналған оқушыларды анықтадым, толық сынныппен орындаған тапсырмаларда, тәжірибелі жасап түсіндіріп, үй жағдайында қолданатын аясын да түсіндерген оқушалыр болды, «Қатынас ыдыстар», «Гидравликалық машиналар», «Ауада ұшуға» арналған тәжірибелерде тапсырманы орындауда оқушылар саны аз болды, себебі көпшілік оқушыларда мәселен, ауа

шарын жасауда, балауыз берілген орналастырылған дене массасының айырмашылығын анықтауға қиналып, бірнеше реттен жасап шығара алмаған оқушыларды бақыладым. Сонымен қатар, өте жоғары дәрежеде орындалған жұмыстар да болды, бұл жұмыстарды орындаған кезде оқушылар, қосымша өз ойларымен бөлісіп, өз білімдерін жетілдіргендегерін байқадым. Сонымен қатар, ерекше атап кететін жайттар бар. Мысалы «Ауада үшу», «Денелердің жұзу шарттары» «Архимед құші» тақырыптары бойынша тәжірибе жағағанда, өздері қосымша зерттеу жүргізіп, денелердің сұйық жұзу шарттары сұйықтығызына және дененің тығыздығына байланыстылығын тәжірибе жүзінде көрсетіп, ата-анасына ұсыныс дайындаған келген оқушыларым болды (сурет - 5), дененің көлемін басқа тәсілдермен анықтауды ұсынған оқушыларым болды, ауада шарды үшіру үшін басқа женіл ғазды алу жолын ұсынған оқушыларым болды. (сурет - 4) Бұл жұмыстардан балаларғы мұндай тәжірибелік жұмыстардың беріліп, занбарды зерттету қажетті екеніне көзім жетті.

#### Ауада үшатын шарды жасау тәсілдері



4-сурет – Ауада үшатын шарды жасау тәсілдері

#### Денелердің жұзу шарттары



5-сурет – Денелердің жұзу шарттары

Жұмысымды қорытындылай келе оқушылардың физика пәніне деген қызығушылықтарын арттыруға және оқушыларының танымдық белсенділігін дамытудың, өз білімдерін өз бетінше жетілдірудің ең жақсы жолы үй жағдайындағы тәжірибелік тапсырмалар арқылы мектептен алған білімдерін бекітіп, тереңдетуде деген ойдамын.

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшеменде демекші. Үздіксіз өзгеріп түрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытууды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сұруғе, білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдал алғанда дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету.

«Шекірт – тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші бұл әдіс әр мұғалімге оқушының физика пәніне деген қызығушылығын арттыруда маңызы зор деп ойлаймын.

### **Колданылған әдебиеттер тізімі**

1.Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты: "бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

2.Семке А.И. Нестандартные задачи по физике. –Я.: 2007 жыл, 866.

3.Eugene de Silva Virginia Cases on Research-Based Teaching Methods in Science Education Research Institute, USA, 162 б.